

«Қазақстан Республикасының
Ішкі Істері Министрлігі»
ҚАҒАЗДЫҚ ҚАҒАЗАТ

Әдістемелік жинақ

Тақырыбы: Дидактикалық ойын арқылы баланы дамыту.



“Ертегі” ересек топ

Дайындаган: Абатова С.А.

2026 ЖЫЛ

Мектеп жасына дейінгі кезең – баланың тұлғалық, танымдық және әлеуметтік дамуының ең маңызды сатысы. Осы кезеңде баланың ойлау қабілеті, тіл байлығы, қиялы, зейіні мен есте сақтау қабілеті қарқынды дамиды. Баланы жан-жақты дамытуда дидактикалық ойындардың маңызы ерекше.

Дидактикалық ойындар – балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып, білімді жеңіл әрі қызықты түрде меңгертуге бағытталған тиімді әдіс. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны таниды, өз ойын еркін жеткізуге үйренеді, қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады.

Бұл әдістемелік жинақта балабақша жағдайында қолдануға болатын дидактикалық ойындар жүйеленіп, олардың бала дамуына тигізетін әсері көрсетілген.

Материалдар балабақша тәрбиешілеріне күнделікті оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдануға ыңғайлы. Ойын түрлері балалардың танымдық белсенділігін арттырып, сөйлеу мәдениеті мен логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Әдістемелік жинақтың мазмұны өзектілігімен, құрылымының нақтылығымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Сондықтан бұл жинақты мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне пайдалануға ұсынамын.

Ұйымның атауы: "Nursultan 77" балабақшасы

Әзірлеуші: Абатова С.А

Лауазымы: тәрбиеші

Балабақша меңгеруші: Л.Т.Табышева

КІРІСПЕ

Ойын - баланың қызығушылығын оятудың бірден бір жаңа тәсілі. Демек бала ойын ойнағанда аса бір қызығушылықпен ойнайды. Бала үшін балабақша – бала үшін екінші үйі. Яғни балабақшада бала дамып жетіледі. Баланың тілінің дамуына ойынның берер пайдасы мол. Ойын ойнағанда бала көбінесе шығармашылық, танымдық қабілеттері дамиды. Бірақ соның ішінде балабақшада бала ойыны өте ерекше. Ойынның көптеген түрлері және әдіс-тәсілдері бар. Мәселең бала ойын ойнағанда тек ойынның түріне ғана емес, оның маңызына, түр сипатына қарайды. Ең алдымен балалар қызығатындай ойындарды ұсынған жөн. Бала ойын ойнағанда беріліп, қызығып ойнай біледі. Ойын арқылы баланың-іс қимыл дағдысы қатар дамиды.

Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек балалармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады.

Өзектілігі: Баланың шығармашылық әрекетіне жағдай жасау – баланың ойлау деңгейін арттыру болып саналады. Баланы ойын арасында да шығармашылығын байқауға болады. Ертеңгі келешек жас ұрпақ- біздің шығармашыл бүлдіршіндердің қолында! Баланың шығармашылығын одан әрі ұштастырып жандануы үшін тәрбиеші еңбек жолында жаңа әдіс-тәсілдерді қолданған жөн.

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің ойынға деген қызығушылығын оята білуге дағдылану. Дидактикалық ойындарды қолдану арқылы баланың ойын, шығармашылығын, есту, көру, шапшаң, ептілік қасиеттерін дамытуға ықпал жасау.

Міндеті:


- дидактикалық ойындар олардың атқаратын қызметі, олардың құрылымдары, негізгі түрлері, әдістемесі және оларға басшылық жасау туралы жалпы түсінік беру;
- балабақшаның тәрбиелеу-оқыту барысында отандық және шетелдік педагогтардың дидактикалық ойындарды қолдану және әзірлеу бойынша озық тәжірибелерін зерделеу және талдау;
- білім беру дағдысы бойынша дидактикалық ойындарды таңдау және жүйелеу.

Ойындардың маңызы

көбінесе үстел -үсті ойындары, қимыл -қозғалыс, рөлдік-сюжеттік ойындар тағы да басқа ойындардың түрлері көп. Баланың дамуына, шапшаң болуына, епті болуына ойынның маңызы зор. Баланың тек қана ақыл ойы, санасы ғана емес, бала шымыр болуға, қайсар, алғыр, өжет, шапшаң болуға ұмтылады.

Барлық дидактикалық ойындарды үш негізгі топқа бөлуге болады:

1. Заттық дидактикалық ойындар (ойыншықтармен, табиғи заттармен);
2. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар;
3. Сөздік дидактикалық ойындар.



Дидактикалық ойын арқылы дамыту.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қасиетіне көбінесе: сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру жатады. Яғни сурет салу сабағында бала өзін еркін сезіне алады, және ойындағысын ақ парақ бетіне түсіре алады. Ал мүсіндеуде, баланың қиялы мен саусақ моторикасы дамиды. Баланың ұқыпты әрі тиянықты жұмыс жасауына жапсыру сабағының пайдасы мол екені бәрімізге аян. Бала асқан шеберлікпен, баяу әрі әдемі құрастырма ойындары арқасында үйлер мен ғимараттарды құрастыра біледі. Баланың ойлау қабілеті ғана емес, қиялы да дамиды. Бала сурет салғанда қылқаламды дұрыс пайдалана білуді, жапсыру техникасын, мүсіндеуді толық меңгереді. Және суретке қарап әңгіме құрастырып, сөйлеуі артады. Баланың шығармашылық әрекетіне жағдай жасау – баланың ойлау деңгейін арттыру болып саналады. Баланы ойын арасында да шығармашылығын байқауға болады. Ертеңгі келешек жас ұрпақ- біздің шығармашыл бүлдіршіндердің қолында! Баланың шығармашылығын одан әрі ұштастырып жандануы үшін тәрбиеші әртүрлі тәсілдерді қолданған жөн.



Ойын түрлері және оның ерекшеліктері.

Үстел үсті ойындарына: домино, лото, суреттер тағы басқа ойындар жататын болса ал қимыл қозғалыс ойындары баланы еркіндікке шапшаңдыққа тәрбиелейді. Қай ойын түрі болмасын баланың ойлау қабілеті жақсы дамиды және жетіледі. Балабақшада баланың сөздік қоры дами отырып, қасындағы жолдастармен сұрақ қойып, диалог құрып бір біріне жауап береді. Ал ойын арқылы шығармашылық қабілеттері, сыни ойлауы, тілінің дамуы, ойының арттуы, терең білім алуға көмегін тигізеді анық. Рөлдік-сюжеттік ойын арқылы баланың ойлауы, сөздік-қоры, киіпкерлерді тани отырып, дауысқа, рөлге бөліп ойнау арқылы баланың сөз шеберлігі дамиды. Әр ойынның бала дамуына қосар үлесі орасан зор. Ойында бала өзін еркін сезіне алуы қажет.

Қандай пішін шықты?

Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.

Қажетті құралдар: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары

Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға үш таяқша алып, олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады. Қандай пішін шықты? Тәрбиеші тағы да бір таяқша алып, оны шаршының, төртбұрыштың үстіне қояды ұсынады. Қандай пішін шықты?

Біркелкі пішіндерді сана

Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру.

Қажетті құралдар: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер. (15 дана)

Ойын барысы: Әр балаға пішіндер суреттері бар, суреттер таратылып беріледі. Суреттерден біркелкі пішіндерді санап атау.

Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыра білу.

Қажетті құралдар: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.

Ойын барысы: Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыру.

Қандай пішін жетіспейді?

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.

Қажетті құралдар: Геометриялық пішіндер.

Ойын барысы: Тақтаға геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздерінді жұмындар деп, бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады.

Пішіндерді боя

Мақсаты: 1.Түстерді тани білуге үйрету. 2.Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру.

Қажетті құралдар: Геометриялық пішіндер

Ойын барысы: Балаларды ұйымдастырып, оларға ақ бет қағаздағы пішіндердің суреттері таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Тәрбиеші балаларға тақтаға боялған пішіндерді іліп қояды. Балалардың міндеті сол тақтадағы түстеріне қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды. Мұндай ойын балалардың түсінулерін және шапшаңдықтарын шыңдайды.

Сиқырлы суреттер

Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері.

Ойын барысы: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.

Сиқырлы қапшық

Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.

Қажетті құралдар: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.

Ойын барысы: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.

Көзінді жұмып, қолыңмен анықта

Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.

Қажетті құралдар: қарындаштар, таяқшалар.

Ойын барысы: Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған көзін жұмғызып, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықтатады. Ойын бірнеше рет қайталанады.

Зейінді бөл

Мақсаты: Биік және аласа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауын дамыту.

Қажетті құралдар: биік және аласа заттар бейнеленген суреттер немесе ойыншықтар.

Ойын барысы: Балаларға биік және аласа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын қарастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау. Биік затты көрсеткенде балалар орындарынан тұрады, аласа затты көрсеткенде бастарын төмен түсіреді.

Ұзын – қысқа

Мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.

Қажетті құралдар: ұзын және қысқа жолақшалар.

Ойын барысы: Балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табу.

Шамдар

Мақсаты: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.

Қажетті құралдар: бала саны бойынша әртүрлі шамдар

Ойын барысы: Балаларға шамдарды таратып беру, шамдардың түсін, өлшемін анықтауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шамын өздерінің шамдарымен салыстырады. Белгі бойынша тәрбиешінің шамына ұқсас шамдары бар балалар ортаға жүгіріп шығады.

Түстер

Мақсаты: балалардың түстерді ажырата білу дағдысын қалыптастыру.

Қажетті құралдар: әртүрлі түсті бояулар, қарандаштар.

Ойын барысы: тәрбиеші кезекпен түстерді атағанда, бала сол түсті тауып жылдам ұстау қажет.

Дамытушы ойын түрлері

«Кім алғыр?»

Мақсаты: Құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту.

Қажетті құралдар: Ойыншықтар: қуыршақ, аю, мәшине. Ойын барысы: Тәрбиеші үстінде ойыншықтары бар үстелдің жанында отырады. Бала одан 2 – 3 метр қашықтықта болады. «Мен сыбырмен сөйлейтін боламын, сондықтан бәрі естілу үшін тыныш отырып, зейінмен тыңда»:

Ойын барысы: Тақтаға 10 түрлі ойыншықтар суреті ілінеді. Ортаға бір бала шығып, қатардан бір ойыншықты алады. Балалар қатардан нешінші затты алғандығын алақандарын шапалақтау арқылы көрсетеді.

Ойыншықтың атын атау керек. Ойын барысында «несінші?» деген ұғымды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын дамыту, қызығушылығын арттыру.

Қай қолымда көп?

Мақсаты: Заттардың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету.

Қажетті құралдар: Асықтар, топтағы ұсақ заттар.

Ойын барысы: Балалар екі топқа бөлінеді, оның әрқайсысы алма-кезек тәрбиешінің үстеліне өз өкілін жібереді. Бір бала қолын артына ұстайды. Алдымен тәрбиешінің одан соң балалардың бірі оның қолына текше, түйме әртүрлі ұсақ нәрселерді ұстатады.

Бірақ ол бір қолда көп, екіншісінде аз болуы керек. Бала алдымен көз мөлшерімен нәрсенің қолында көп екенін анықтау. Қай қатарда көп, қай қатарда аз екенін салыстыру керек.

«Саққұлақ» ойыны

Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту.

Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл т. б.

Ойын барысы: Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.

Қол соғу

Мақсаты: Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша, қанша болса сонша ұғымдарын қалыптастыру.

Қажетті құралдар: Тәрбиешінің және әрбір баланың алдына тілі бар дөңгелек.

Ойын барысы: 1-нұсқа: Тәрбиеші қол соғады. Балалар санайды. Тақта алдына шақырылған бала тәрбиешінің неше рет қол соққанын айтуы немесе дөңгелектің тілін саны сонша қара дөңгелекшелер тұрған бөлікке қаратып қоюы тиіс. 2-нұсқа: Ойын күрделенеді. Балалар үндемей, қол соғу санын есептейді, әрқайсысы дөңгелек тілін өздігінен жылжытады. Тәрбиеші қатарларды аралап, ойын ережесінің дұрыс орындалуын тексереді. Ойын екі-үш рет қайталанған соң, қорытындысы шығарылады. Ойыншыларды қателеспеген қатар ұтып шығады.

Қанша болса, сонша

Мақсаты: Сандарды тани білуге үйрету. Берілген тапсырманы дұрыс орындай білуге жаттықтыру.

Қажетті құралдар: Сандық карточка. («Кеспе сан» қалтасынан алу)

Ойын барысы: Тақтаға 3 бала шығарып, сандық карточканы көрсетіп, карточкада қандай сан тұрса, сонша қимыл көрсету, тапсырманы сандарды өзгерте отырып, 2-3 рет қайталау.

Қай қолымда көп

Мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.

Қажетті құралдар: әртүрлі ұсақ заттар–моншақтар, түймелер

Ойын барысы: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала алдымен көз мөлшерімен қай қолда зат көп, қай қолында аз зат бар екенін анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады.

Сипаттамасы бойынша тап

Мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.

Қажетті құралдар: ойыншықтар жануарлар, құстар.

Ойын барысы: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады.

Көп және біреу

Мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.

Қажетті құралдар: көп және бір зат бейнеленген суреттер.

Ойын барысы: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.

Түрлі-түсті жолақтар

Мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: қағазға желімделген әртүрлі жолақшалар.

Ойын барысы: балаларға жолақшаларды көрсету, түстерін атау. Берілген жолақшаның түсі бойынша үстелдің үстіндегі дәл осындай жолақшаны табу.

Ұзын және қысқа

Мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.

Қажетті құралдар: ұзын және қысқа жолақшалар.

Ойын барысы: балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға беру.

Кеңістік

Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.

Қажетті құралдар: әртүрлі заттар бейнеленген суреттер.

Мазмұны: Балалардың алдында үлкен бөлменің суреті тұрады. Балаларға суреттерді таратып беру. Суреттерді орындарына орналастыруды ұсыну. Мысалы, балықты аквариумға салу, гүлді үстелдің үстіне, суретті қабырғаға ілу.

Жоғарыда – төменде

Мақсаты: жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.

Қажетті құралдар: құстардың, жануарлардың суреттері.

Ойын барысы: Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді.

Оң және сол

Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.

Қажетті құралдар: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар.

Ойын барысы: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп береді. Ойын осылай жалғаса береді.

Суреттерді орналастыр

Мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер.

Ойын барысы: Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге орналастырады.

Танып ал да, атын ата

Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер.

Ойын барысы: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады.

Тәулік бөліктері

Мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.

Қажетті құралдар: суреттер

Ойын барысы: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.

Сипаттамасы бойынша тап

Мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. **Қажетті құралдар:** Топтағы жануарлар бейнелейтін ойыншықтар.

Ойын барысы: Сөреге аю, қоян, қасқыр, түлкі т.с.с 5-6 ойыншық қойылады. Әрбір ойыншықтарды анықтап қарап, атын қайталайды. Балалардың біреуін бөлмеден шығарып, ойыншықтар туралы жұмбақтар құрастырады, мысалы: «Ұзын құлақ, қыли көз, қысқа құйрық-бұл қай аң? Жұмбақтарды құрастырып болған соң, баланы шақырады. Егер ол жұмбақ дұрыс шеше алмаса, қолына сол ойыншық беріледі де, жұмбақ қайта айтылады.

Қалай жүріп, нені тапқың келеді?

Мақсаты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында-артында ұғымдарын бекіту.

Қажетті құралдар: Кез-келген ойыншықтар немесе суреттер.

Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-мәшина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдында қуыршақ, оң жағында мәшина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?

Доппен ойнау

Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.

Қажетті құралдар: доп.

Ойын барысы: 1-нұсқа. Балалар екі топқа бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады. «Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала (әр топтан) бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда ұтып шығады.

2-нұсқа: Балалар сапқа тұрады. Доп бірінші баланың қолында «доп оң жақта» деген бұйрық айтылғанда доп оң жаққа беріледі. «Токта» деген бұйрық бойынша допты сапта тұрған балалардың біреуі ұстап қалады. «Доп сол жақта» деген бұйрық бойынша доп сол жаққа беріледі. Тапсырманы дәл әрі тез орындаған балалар жеңімпаздар атанады.

Дид.ойын: «Тәулік бөліктерін ата»

Мақсаты: Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.

Көрнекі құралдыр: Суреттер.

Ойын барысы: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.

Дид.ойын: «Дала құстарын ата»

Мақсаты: құстарды атай білуге үйрету. Жабайы құстардың қайда мекендейтінін, немен қоректенетінін түсіндіру.

Құстардың атын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету, әңгімелеу дағды-сын жетілдіріп, тілін дамыту.

Құстарды аялауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Дала құстарының суреттері.

Дид.ойын: «Ою-өрнектерді ата»

Мақсаты: Қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру, атай білуге үйрету.

Баланың есте сақтау қабілетін, елесін дамыту. Балаларды шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Ою-өрнектердің суреттері.

Дид.ойын: «Өз үйінді тап»

Мақсаты: Түстерді ажырата білуге үйрету.

Әр үйшіктің өзі түсіне тән жапырақшаларын шапшаң тауып кіргізе білу қабілеттерін жетілдіру.

Алғырлыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Әртүрлі түсті үйшіктер (қызыл, сары, жасыл т.б.). Үйшіктің түстеріне байланысты жапырақшалар.

Дид.ойын: «Тазалықтың достарын ата»

Мақсаты: тазалық бұйымдарын атау.

Сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып, 4-5 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету.

Балаларды таза жүруге үйрету.

Көрнекі заттар: Тазалық бұйымдарының суреттері.

Дид.ойын: «Көңіл-күйін ата»

Мақсаты: Көңіл-күйін атай, ажырата білуге үйрету. Қалағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу.

Әр көңіл-күйінің дұрыс-бұрыс жақтарын айтып түсіндіру.

Көрнекі құралдар: Көңіл-күйі бейнеленген балалардың суреттері

Дид.ойын: «Отбасы мүшелерін ата»

Мақсаты: Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б.). Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету.

Көрнекі құралдар: Отбасы бейнеленген әртүрлі суреттер.

Дид.ойын: «Үлкен-кіші»

Мақсаты: Үлкен- кіші ұғымдарды білуге үйрету, әрі қарай дамыту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Қол моторикасын, логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Көлемдері әр түрлі кірпілердің(үлкен, орташа, кіші), көлемдеріне сәйкес алмаларын, саңырауқұлақтарын тауып орналастыруды үйрету.

Дид.ойын: «Үй құстарын ата»

Мақсаты: үй құстарын атау.

Олардың адамға келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру.

Үй құстарына деген қамқорлық сезімін ояту. Табиғаттың жаршысы - құстарды, қорғауға, аялауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Үй құстарының суреттері.

Дид.ойын: «Киімдерді ата»

Мақсаты: Түрлі киім атауларын (пальто, етік, құлақшын т.б.) атап айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту, ұл бала мен қыз баланың киімін ажырата білуге үйрету. **Көрнекі құралдар:** Әртүрлі киімдердің суреттері.

Дид.ойын: «Түлкіні құрастыр»

Мақсаты: Түлкі туралы түсінік беру. Түлкінің дене бөліктері жайында түсіндіріп, оны құрастыруда дене бөліктерін жасауда қағазды дұрыс пайдалануға үйрету. Ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдыр: Түлкінің суреті, қиылған түлкінің дене бөліктері.

Дид.ойын: «Мамандықтарды ата»

Мақсаты: Балалардың мамандықтарды атап, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру.

Мамандық әлемінің түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру.

Балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Мамандықтар бейнеленген суреттер.

Дид.ойын: «Көліктерді ата»

Мақсаты: Балаларды көлік түрлерімен таныстыру.

Жолда жүру ережелері туралы білімдерін толықтыру.

Жолда жүрген кезде міндетті түрде ережені сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Көліктердің суреттері.

Дид.ойын: «Ыдыстар»

Мақсаты: Ыдыстар туралы түсінік беру; заттарды көлемі бойынша салыстыра білуге дағдыландыру. Ыдыстарды атауға, неден жасалғаны туралы, пайдасы, не үшін керек екені туралы айта білуге үйрету.

Ыдыстарды таза, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Әр түрлі ыдыстардың суреттері.

Дид.ойын: «Гүлдерді ата»

Мақсаты: Гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің түр – түстерін ажырата білуге баулу.. Сөздік қорын молайту. Гүлдердің түр – түстерін есте сақтау, қабылдау, ойлау сезімдерін дамыту. Тұған елінің табиғатына, гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Гүлдердің, өсімдіктердің суреттері.

Дид.ойын: «Пойызды құрастыр»

Мақсаты: Балаларға пойыз туралы түсінік беру.

Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту.

Пойыздың теміржол көлігіне жататынын түсіндіру.

Әртүрлі геометриялық пішіндерден жасалған пойыздың бөліктерін біріктіріп құрастыруға үйрету. Шапшаңдылыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдыр: Пойыздың суреті. Әртүрлі геометриялық пішіндерден жасалған пойыздың бөліктері.

Дид.ойын: «Гүлдерді құрастыр»

Мақсаты: Гүл ерекшеліктері, мекен ету ортасы, гүлдің пайдасы туралы мағлұмат беру.

Тұған еліннің табиғатына, гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Гүлдердің күлтелерін дәнегінің түсі бойынша

біріктіріп құрастыруға үйрету, қызығушылықтарын ояту.

Көрнекі құралдар: Гүлдердің күлтелері және дәнегі.

Дид.ойын: «Кірпінің саңырауқұлақтарын тап»

Мақсаты: негізгі түстерді ажырата,атай білуге үйрету. Шапшаңдылыққа, ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Ойын барысы: негізгі

түстерді қамтыған кірпініңсаңырауқұлақтарын,әр қайсысының түсі бойынша жинап, тауып орналастыру.

Көрнекі құралдар: қағаз картоннан кнылған төрт түсті

(қызыл,сары,көк,жасыл) кірпілер, көлемі кіші саңырауқұлақтар.

Дид.ойын: «Нешеу?»

Мақсаты: Атауға және санауға үйрету. Көп заттар мен аз заттарды ажыратуға үйрету. Көп-аз, тең-тең емес ұғымдарын ажыратуға дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Көрнекі құралдар: Санауға қажетті заттар,суреттер

Дид.ойын: «Гүлді құрастыр»

Мақсаты: Гүл ерекшеліктері, мекен ету ортасы, гүлдің пайдасы туралы мағлұмат беру.Тұған еліннің табиғатына, гүлдер

мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке

тәрбиелеу. Қазақша атауларын атауды үйрету.Гүлдердің күлтелерін

дәнегінің түсі бойынша

біріктіріп құрастыруға үйрету, қызығушылықтарын ояту.

Көрнекі құралдар: Гүлдердің күлтелері және дәнегі.

Дид.ойын: «Аққала мен шыршаны құрастыр»

Мақсаты: Дөңгелек пішіннен аққаланы, ал ұшбұрыштан

шыршаны құрастыруды үйрету. Үлгіге қарай отырып

пішіндердің көлемін әртүрлі етіп (үлкен, орташа, кішкентай)

орналастыруға үйрету. Жыл мезгілдері туралы

түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Әр түрлі көлемді (үлкен, орташа, кішкентай)

дөңгелек, ұшбұрышты пішіндер. Аққаланың қалпағы т.б.

Дид.ойын: «Рәміздер»

Мақсаты: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін атауға үйрету. Балаларды отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал еңбек етуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Баланың ой-өрісін іздемпаздыққа, жан - жақтылыққа шақыру, тіл байлығын дамыту.

Көрнекі құралдар: Рәміздердің суреттері

Дид.ойын: «Кілтін тап»

Мақсаты: Пішіндерді атауға, тануға үйрету. Үйдің терезесі қандай пішін, сондай пішінді тауып орналастыруға үйрету. Түстерін атап, шапшаң қимылдауға үйрету. Аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Терезесі әртүрлі пішіннен жасалған үйлер, пішіндер

Дид.ойын: «Көкөністерді ата»

Мақсаты: Көкөністер түрін ажырата білу үйрету. Балалардың тілін дамыту, сөз қорын молайту, ой-өрісін кеңейту, айналадағы дүниені тани біліп, өмірмен ұштастыра білуге баулу. Табиғатты сүюге, өсімдіктерді қорғауға, қоршаған ортаны таза ұстауға, еңбексүйгіштікке, өзгенің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Көкөністердің суреттері.

Дид.ойын: «Жемістерді ата»

Мақсаты: Жемістердің атауларын дұрыс атай және ажырата алуға баулу. Балалардың жеміс ағаштарын қорғап, оларға қамқор болуына ықпал ету, тәрбиелеу. Ойлау қабілетін арттыру. Ауызекі сөйлей білуге үйрету. Жаңа сөздерді меңгерту арқылы сөздік қорын молайту.

Көрнекі құралдар: Жемістердің суреттері

Дид.ойын: «Өз гаражыңды тап»

Мақсаты: Көлемдері әртүрлі (үлкен, кіші, орташа) гараждарға, өз көлемдеріне сәйкес жүк көліктерін кіргізуді үйрету. Көліктерді сипаттап, атап әңгіме құруға үйрету. Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Әртүрлі көлемді (үлкен, кіші, орташа) гараждар, жүк көліктері.

Дид.ойын: «Қай жыл мезгілінде ойнайды?»

Мақсаты: Өр жыл мезгілінде ойналатын ойындарды атап, Неге сол мезгілінде ойналатынын айтып түсіндіріу. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту.

Ойыншықтырды сипаттауға үйрету,

ойыншықтарына ұқыптылықпен, қарауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Өр жыл мезгілінде ойналатын ойындардың суреттері.

Дид.ойын: «Шыршаны құрастыр».

Мақсаты: Суретте берілген

шыршаны бұтақтарына қарай отырып құрастыруға үйрету. Табиғатқа, оның ішінде ағаштарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Шыршаның көп жылдық ағаш екенін айтып түсіндіру.

Көрнекі құралдар: сурет, шырша

Дид.ойын: «Қысқы киімдерді құрастыр»

Мақсаты. Қыс мезгілінде киетін киімдерді атап айтуға үйрету.

Неліктен қыс мезгілінде киілетін киімдер екенін атауды, «қалың-жұқа» ұғымдарының мағынасын түсіндіруді жалғастыру. Киімдерді суретке қарап отырып құрастыруға үйрету. Өр киімнің адамның қай дене мүшесіне киілетінін атауды үйрету.

Көрнекі құралдар: Қыс мезгілінде киілетін киімдердің қиындылары, суреттері.

Дид.ойын: «Сыңарын тап»

Мақсаты: Балаларды аңғарымпаздыққа, байқағыштыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Өр шұлықтың түстеріне, сызықтарына қарай отырып ,

өз сыңарын тауып біріктіруге үйрету. Киімдерді атап айтуға үйрету.

Тілдерін дамыту.

Көнекі құралдар: Сыңарлары бар шұлықтар.

Дид.ойын: «Қонжықтың үйін тап»

Мақсаты: Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.

Көрнекі құралдар: Түрлі-түсті жейделері бар қонжықтар мен олардың үйлері.

Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті жейделері бар конжықтарды таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар конжықтың жейделерінің түсі бойынша, өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалау керек.

Дид.ойын: «Не артық?» (Рәміздер)

Мақсаты: Отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту. Қазақстан Республикасының рәміздері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Балаларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: ҚР - ның рәміздері

Дид.ойын: «Шалғынды көгалдандыр»

Мақсаты: Шалғында кездесетін өсімдіктерді таныстыра отырып, олардың тіршілігіне тоқталу. Табиғатқа қызығушылықтарын арттыру, қоршаған ортаны қорғауға, аялауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Шалғанның, өсімдіктердің суреттері

Дид.ойын: «Түсі бойыншы тап»

Мақсаты: Балаларды заттың түстерін ажырата білуге үйрету.

Саусақматорикасын дамыту. Есте сақтау қабілетін қалыптастыру.

Балаларды қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Түсі бірдей заттар

Дид.ойын: «Жаман-жақсы қасиеттерді ата»

Мақсаты: Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау. Жаман әдеттен аулақ болуға, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Жақсы-жаман әдеттерді бейнелейтін суреттер

Дид.ойын: «Көйлекті құрастыр»

Мақсаты: Балаларға көйлектің бөліктерін

біріктіріп құрастыруға үйрету. Еңбекке өзін-өзі

басқаруға, ұйымшылдыққа, іскерлікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Балалардың білімін, кәсіби шеберліктерін дамыта отырып, берілген тапсырмаларды орындау, ептіліктерін, алған білімдерін өз бетінше қолдана білуге қалыптастыру.

Көрнекі құралдар: Көйлектің суреттері, әртүрлі бөліктегі қиылған суреттер

Дид. ойын: «Жер, су, ауа»

Мақсаты: Балаларға әсемдікті, әдемілікті көре

білуге үйрету, табиғатты қорғап аялауға үйрету. Жерде, әуеде, суда жүретін нәрселерді тани білуге үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Табиғат құбылысының әсемдігін көре

білуге, қабылдауға, оған қамқорлық, аяушылық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Көліктер, адамдар, кемелер суреттері

Дид. ойын: «Жүретін жолын тап» (Көліктер)

Мақсаты: Көлік түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру.

Атқаратын қызметіне және жүретін ортасына қарай (ауада, жерде, суда) топтастыру.

Көліктердің пайдасы және зиянды жақтарымен таныстыру. Көлік ішіндегі мінез-құлық ережелері туралы түсіндіру. Адам тұрмысындағы көліктің пайдасы туралы мәлімет беру.

Көрнекі құралдар: Көліктің суреттері

Дид. ойын: «Жабайы жануарларды ата»

Мақсаты: Әрбір аңның атын дұрыс атауға жаттықтыру және олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, түрлеріне көңіл аудартып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Дид. ойын: «Ұлттық киімдерді ата»

Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен бұйымдары жайлы балалардың білімдерін кеңейту шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Ата-

бабамыздан қалған қазақ халқының мұрасын құрметтеуге үйрету.

Көрнекі құралдар: Қазақтың ұлттық киімдерінің суреттері

Дид.ойын: «Табиғат құбылыстарын ата»

Мақсаты: Табиғатта болатын өзгерістерді, олардың жыл мезгілдерін сипаттайтын басты ерекшеліктерді түсіндіру. Жыл мезгілдері туралы жалпы түсінік беру барысында, табиғат құбылыстарының өзгеріп отыратынын түсінуге үйрету. Табиғатты сүйуге, оны құрметтеуге тәрбиелеу. Көрнекі құралдар: Табиғат құбылыстарының суреттері

Дид.ойын: «Пайдалы қазбаларды ата»

Мақсаты: Пайдалы қазбалардың түрлерімен таныстыру, олардың адамға тигізетін пайдасы мен зиянын түсіндіру. Пайдалы қазбалардың кен орындары, шартты белгілері, өндіру әдісі жайлы түсінік беру. Пайдалы қазбалар түрлерін ажырата білуге баулу, логикалық ой - өрісін дамыту, ізденушілік қабілеттерін арттыру. Еліміздің қазба - байлықтарын мақтан ете отырып, оны үнемдеп жұмсауға, қорғап, сақтай білуге баулу, өз еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

Көрнекі құралдар: Пайдалы қазбалардың суреттері

Дид.ойын: «Не қайда жүреді?» (Көліктер)

Мақсаты: Көлік түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру.

Атқаратын қызметіне және жүретін ортасына қарай (ауада, жерде, суда) топтастыру.

Көліктердің пайдасы және зиянды жақтарымен таныстыру. Көлік ішіндегі мінез-құлық ережелері туралы түсіндіру. Адам тұрмысындағы көліктің пайдасы туралы мәлімет беру.

Көрнекі құралдар: Көліктің суреттері

Дид.ойын: «Су кімдерге керек»

Мақсаты: Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп пайдалануға және судың барлық ерекшеліктері туралы сипаттау. Қазіргі кезде адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат-ананы қорғап, аялауға үйрету. Суды лақтамауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Жануарлардың, өсімдіктердің, адамзаттың, балықтардың суреттері

Дид.ойын: «Бидай дәндерін жина»

Мақсаты: Балаларға ас атасы -нан екендігін, нанның адам өміріндегі еңмаңызды ас екендігін, оның оңай жолмен келмейтіндігін айтып ұғындыру. Нанның қалай дастарханға келетінін айтып оған көптеген адамдар еңбек еткендігін түсіндіру.Дүннетанымын, ой- өрісін, еңбекқорлығын, адамгершілігін ояту және дамыту. Нанды кастерлеуге, ысырап етпеуге, адам еңбегін бағалай білуге, еңбек етуге тәрбиелеу. Көрнекі құралдар: Бидай дәндерінің, қаптардың суреттері

Дид.ойын: «Төлдерін тап»

Мақсаты: Балалардың үй жануарына деген сүйіспеншілігін арттыру және олардың төлдерін дұрыс атай білуге, төрт түлікті күтіп бағуға, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Балаларға төрт түлік малдың өрісімен, тіршілік табиғатпен, малдың қадір-қасиетімен таныстыру. Мал мен адам арасындағы байланысты ашу.Төрт түліктің төлдері жайында балаларға түсінік беру; Көрнекі құралдар: Үй жануарлары мен төлдерінің суреттері

Дид.ойын: «Ертегілерді ата»

Мақсаты: Ертегі түрлерімен таныстыра отырып, ертегіні түсініп оқу, ертегі кейіпкерлерінің іс - әрекетіне мінездеме беру, ертегідегі негізгі ойды ашып, қорытынды жасау. Ертегіні түсініп, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыра отырып, ой - пікірлерін қорытындылап айту шеберліктерін, сөйлеу әрекеттерін жетілдіре түсу, сөз байлықтарын дамыту. Алдау, арбау жаман қасиет екенін түсіндіру, адалдыққа тәрбиелеу. Көрнекі құралдар: Әртүрлі ертегілердің суреттері

Дид.ойын: «Балықтарды ата»

Мақсаты: Балаларға сүйекті балықтардың өзіне тән-ерекшеліктері туралы білім беру.Балаларға балықтың түрлері, отрядтары жөнінде ұғым бере отырып, ой - өрісін, іздену қабілетін дамыту.Табиғатты қорғауға, аялауға жан- жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Балықтардың сан алуан суреттер

Дид.ойын: «Құстарды құрастыр»

Мақсаты: Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы түсіндіру.Балалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой - өрісін дамыту.Құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Құстардың суреттері

Дид.ойын: «Кімге не керек?»

Мақсаты: Мамандық түрлерімен таныстыру. Дәрігер, аспаз, суретші мамандарына керек заттарды ажырата білуге үйрету. Сөйлеу қабілетін дамыту. Қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Суретші, дәрігер, аспазшы мамандықтарының суреттері

Дид.ойын: «Марғауларды тап»

Мақсаты: Балалардың марғаулар туралы білімдерін кеңейту, ерекшелігі, немен қоректенеді, қандай пайдасы бар, екендігі жайлы білім беру. Адам оған қандай қамқорлық жасайды? Сұрағына жауап алу.

Марғаулардың дауыстарын ажырата білуге үйрету, баланың сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін, ақыл-ойын дамыту. Марғауларға сүйіспеншіліктерін және оларға қамқорлық жасауға талпынысын тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Марғаулардың және басқа жануарлардың суреттері

Дид.ойын: «Қоянның сәбізі нешеу?»

Мақсаты: Заттың санын сәйкестендіруді үйрету. Санау ұғымдарын (көп, аз) білімдерін кеңейту, баланың танымдық қабілетін дамыту және ұсақ қол қимылдарын дамыту. Ептілікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Қоян және қоянның санына байланысты сәбіздер

Дид.ойын: «Әріптен басталатын сөздер»

Мақсаты: Балалардың Т дыбыстары туралы білімдерін қалыптастырып, ол дыбыстарды орынды пайдаланумен бірге басқа дыбыстардан жақсы ажырата білуге үйрету. Балалардың сөздік қорын байыту, тілін дамыту. Достық, ынтымақтастық, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Т дан басталатын сөздер, суреттер

Дид.ойын: «Сурет жұмбақ»

Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға жауап беруге үйрету. Сурет бойынша ойын тиянақты жеткізе білуге баулу.

Балаға өз ойын жүйелі түрде айта білуге үйрету арқылы зейінін дамыту.

Балабақшада достарымен, үлкендермен қарым-қатынаста кішіпейіл болуға тәрбиелеу. Көрнекі құралдар: Екі суреттен біріктірілген жұмбақтар

Дид.ойын: «Бөліктерден пішін құрастыр»

Мақсаты: Заттардың пішіні мен өлшемі туралы түсініктерін қалыптастыру, заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын анықтай білуге үйрету, (түсі, пішімі, өлшемі бойынша), заттарды санауға жаттықтыру. Ұқып тылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Пішіндер

Дид.ойын: «Мекенін тап»

Мақсаты: Аңдардың түр-түстеріне көңіл аударып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Табиғатты қорғай білуге, оларға қамқор бола білуге, тазалыққа ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты: Үй және жабайы жануарлар суретің біртіндеп ала отырып, немесе бірнеше балаға бөліп берілген суреттерді мекен жайларына орналастыру қажет.

Көрнекі құралдар: Үй және жабайы жануарлардың, орманның, қораның суреттері

Дид.ойын: «Қай дәннің масағы»

Мақсаты: Дән тұқымымен таныстыру, бидайдан нан жасалатынын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі істелетін еңбек мазмұнымен, қолданылатын, техникалардың аттарымен таныстыру. Диханшылардың еңбегімен таныстыру, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Бидай өнімдерінің, еңбек әрекетінің суреттері

Дид.ойын: «Дем тыныс алу мүшелері»

Мақсаты: Тыныс алудың маңызы, тыныс алу мүшелерінің құрылысы мен қызметі туралы білім беру. Салауатты өмір сүру әдетіне тәрбиелеу. Көрнекі құралдар: Дем тыныс алу мүшелерінің суреттері

Дид.ойын: «Санды орналастыр»

Мақсаты: Логикалық ойлау қабілеті мен есептеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше еңбектену, белсенділіктерін арттыру. Балаларды дәлдікке, ұқыптылыққа, жылдамдылыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Сандардың суреттері

Дид.ойын: «Ас қорыту мүшесі. Асқазан»

Мақсаты: Ас қорыту мүшелерінің құрылысы және қызметі туралы түсінік беру. Балалардың талдау, салыстыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Ас қорыту мүшелерінің суреттері

Дид.ойын: «Бұрын не болды?»

Мақсаты: Әр түрлі өнімдерді тани білуге, бұрын не болғанын айтуға үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту. Аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Әртүрлі өнімдер

Дид.ойын: «Қазақстанда өсетін өсімдіктерді ата»

Мақсаты: Өсімдіктердің әр алуан жерде (дала, шалғын, орман, тау, бау-бақша т.б) өсетіні туралы

түсінік қалыптастыру; Қазақстанда өсетін өсімдіктердің кейбір түрімен таныстыру. Аймақтық табиғат ерекшеліктеріне тән өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдік әлеміне ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өсімдіктерсіз тіршілік атаулы өмір сүре алмайтыны туралы ұғым беру.

Көрнекі құралдар: Қазақстанда өсетін өсімдіктердің суреттері

Дид.ойын: «Ауаны ластайтын заттарды ата»

Мақсаты: Ауаның адам өміріндегі маңызы, ауаны ластайтын нәрселерді атап білімдерін қалыптастыру. Дүние танымын, ой-өрістерін, қызығушылығын дамыту.

Қимыл-қозғалыс ойындары

«Сол жақ па, оң жақ па?»

Ойын шарты: Ойыншылар 2 командаға бөлініп тұрады. Белгі берілгенде екі жақ қарама-қарсы бағытқа қарай жүреді. «Солға», «оңға» деген бағыт айтылғанда ойыншылар осы бағытқа бұрылып тоқтайды. Кім шатасса, сол ойыннан шығады, ойын одан әрі жалғасады. Қарсы топтағы ойыншыларды азайтқан топ жеңіске жетеді. «Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегенінді табасың» Ойын шарты: педагог балалар білетін ойыншықтарды әр жерге тығып тастайды. Тәрбиеші айтады: Егер... Оңға бұрылсаң – қуыршақты табасың; солға бұрылып, барсаң – қоян ойыншығын табасың; алға жүрсең – тышқан ойыншығын табасың. Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барасың? Бала өз қалауынша бағытын таңдайды және нені іздейтінін айтады. Ойыншықты тапқан соң, қай бағытқа барғанын және қай жерден тапқанын әңгімелейді.

«Не? Қайда?»

Ойын шарты: Балалар шеңбер құрады. Педагог шеңбер ортасында тұрады. Кез келген балаға допты лақтырып, сұрайды: – «Сенің сол жағыңда кім тұр?» Дұрыс жауап берген бала шеңбер ортасында жүргізуші болады және ойын жалғасады (құлақтарына сыбырлап айтуына болады). Сұрақтар: Сенің оң жағыңда кім бар? Сенің алдында не тұр? Сенен кейін кім тұр?

«Не өзгерді?»

Ойын шарты: Сандарды қойып, балалар көздерін жұмған сәтте 1 цифрды алып тастаймыз. Карточкамен жұмыс. Оң және сол қолды кезегімен көтеру керек. Сол қолыңды сол жақтағы, оң қолыңды оң жақтағы жемісті алып, оңға қарай қой. Жоғарыда қанша таяқша болса, сонша құлпынай қой. Төменге саны дәл сондай алмұрт қой. Қай жеміс көп? Қайсысы аз? «Ойыншықтарды тап!» Ойын шарты: Бөлмеде әр түрлі орында ойыншықтар жасырылады (екі бірдей биіктікте және тағы екі түрлі...). Белгі берілгенде балалар іздей бастайды. Ойыншықты тапқан соң, тәрбиешінің сол жағына тұрады. Олар көлемі бойынша қандай ойыншықтар тапқанын және бір-бірінен қалай ажыратылатындығын айтады. Мәселен, «екі бірдей шырша» және «қуыршақтың ұзын шаштысы қысқа шашты қуыршақтың қасында тұр».

«Жоғары-төмен лақтыр!» Ойын шарты: Жүргізуші алдымен, допты сәл жоғары лақтырып, қағып алады. Тапсырма: «Жоғары лақтыр!». Бала допты жоғары лақтырады. Балалар допты одан да жоғары-жоғары лақтыр (немесе «төмен лақтыр!») – деп айтады. Математикалық қимыл-қозғалыс ойыны «Төменге домалат!» Ойын шарты: Балаларға 1-шар, 2 балаға-текше беріледі. Балаларға атауын айтып, көрсетеді. Белгі берілгенде балалар тездетіп домалату керек. Келесі ойыншыларға пішіндерді таңдау өз еріктеріне беріледі. Көбінесе, шар домалатуға ыңғайлы болғандықтан, сол пішінді таңдайды. Ал, текшенің бұрыштары домалатып, қозғалтуға кедергі жасайды.

Ойынның берер пайдасы

Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Әрине, ойын адамның дамуына, қалыптасуына әртүрлі әсер береді. Кей бала ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей бала ішкі сезімін білдіреді. Ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін факторлар өте көп. Мысалы, үлкендердің ойынға басшылық жасауы, ойыншықтар, баланың өсетін ортасы, балалар ұжымы, баланың тәрбиесі т.б. Дегенмен де ойын тек әрекет емес, балалардың да, үлкендердің де қызығушылық ермегі, адамды рахат және қанағат сезіміне бөлейтін іс-әрекеті. Балалар тұрмақ, үлкен адамдар да әлі күнге дейін ойнайды, әрине ойынның түрлері өте көп. Балалар ойынына талдау жасайтын болсақ, оның өзгеріп отыруы балалардың жас және жеке дара ерекшеліктеріне бай-ланысты. Мысалы, сюжеттік рөлді, қимыл-қозғалыс, драматизациялық, музыкалық, дидактикалық, құрастыру, ұлттық, спорттық, дамытушы ойындардың түрлері бар. Әрқайсысының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар. Оның әрқайсысына жеке тоқталатын болсақ, сюжеттік рөлді ойындар ойынның алғашқы танымы десек, артық болмас.

Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеуалдымен ойында басталады». Мысалы; сюжеттік — рөлді ойындар.

Ойынның негізгі ерекшелігі ол балалардың қоршаған өмірді — адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін бейнелеу болып табылады. Ойында бөлме теңіз, аспан кеңістігі де, темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар жағдайға ойынның өздері ойлаған түпкі ниеті мен мазмұнына лайықты маңыз береді. Ойын іс-әрекетінің тағы бір ерекшелігі — оның әрекеттік сипаты. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады.

Ойын процесінде балалардың өздері (ал кейбір ойындарда — ересектер) ойнаушылардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын анықтайтын және реттейтін ереже белгілейді. Ереже ойынға ұйымшылдық, тұрақтылық сипат береді, оның мазмұнын баянды етеді және қарым-қатынас пен өзара қарым-қатынастардың одан арғы дамуын, күрделене түсуін айқындайды. Сонымен бірге ойын ережесі жасқаншақ, ұялшақ балалардың ойынға белсендірек қатысуына көмектеседі.

Ойынның осы құрылымдық элементтерінің бәрі типтік болып табылады, бірақ олардың түрлі маңызы бар және әртүрлі ойындарда түрліше арақатынаста болады. Әрине ойынның әр түріне сипаттама беруге болады, дегенмен ойынның ішінде дидактикалық ойындардың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәні зор.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы дамытудың іс-әрекетін жоспарлау.

Айы	Ойын түрі	Мақсаты	Ойналу барысы
Қыркүйек айы	Қимылды ойын “балабақша ойыны”	Балалардың бір-бірімен танысуы	Балалар шеңберге тұрып, атын айтып допты береді
Қыркүйек айы	Рөлдік ойын “танысайық” ойыны	Ұжым болуға биімделу	Балалар тәрбиеші, бала рөлінде ойнайды
Қыркүйек айы	Дидактикалық ойын “Кім жылдам?”	Зейінді дамыту	Жасырылған ойыншықты табады
Қазан айы	Қимылды ойын “Жапырақтар терейік”	Қимыл-қозғалысты дамыту	Балалар жапырақтарды себетке жинайды
Қазан айы	Рөлдік ойын “Дүкен”	Сөздік қорын дамыту	Көкөніс-жемістерді сату ойыны
Қазан айы	Дидактикалық ойын	Түстерді тану	Күзгі түстерді сәйкестендіру
Қараша айы	Төлін тап; дидактикалық ойын	Логикалық ойлау	Анасы мен төлін сәйкестендіру
Қараша айы	Ферма; рөлдік ойын	Қиялды дамыту;	Фермадағы жануарлармен ойнау
Қараша айы	Жануарлар қалай дыбыстайды? Қимылды ойын	Есту қабілетін дамыту;	Дыбыс арқылы жануарды табу
Желтоқсан айы	Аққала жасайық ;	Ірі	Қарды

	қимылды ойын	моториканы дамыту	домалатуға үйрету;
Желтоқсан айы	Аяз ата қонақта; рөлдік ойын	Эмоциялық дамуы	Киіпкер шақыру;
Желтоқсан айы	“Қар ұшқыны”; дидактикалық ойын	Зейінің дамыту;	Ұшқынды қағаздан шығару;
Қаңтар айы	“Тараж”-рөлдік ойын	Ұсақ моториканы дамыту	Көліктерді орналастыру
Қаңтар айы	“Қай көлік?”; дидактикалық ойын	Ажырату қабілеті	Әуе, су, жер көліктерін бөлу
Қаңтар айы	“Бағдаршам” ойыны қимылды ойын	Қауіпсіздікке үйрету	Түске сәйкес қозғалу
Ақпан айы	Отбасы рөлдік ойын	Әлеуметтік дағды	Ана,әке рөлдік ойындар;
Ақпан айы	Кім не істейді? Дидактикалық ойын	Сөйлеуді дамыту	Отбасы мүшесін сипаттау;
Ақпан айы	«Үй жинаймыз»қимылды ойын	Еңбекке баулу	Ойыншықтарды жинау;
Наурыз айы	Асық ойыны ұлттық ойын	Дәлділікке үйрету	Асықты ату
Наурыз айы	Арқан тарту қимылды ойын	Күш пен бірлік	Топпен ұжыммен
Наурыз айы	Сақина ілу; ұлттық ойын	Зейінді дамыту	Сақина табу
Сәуір айы	«Гүл отырғыз» қимылды ойын	Еңбекке баулу	Табиғатты аялау;
Сәуір айы	«Құстар» Қимылды ойын	Белсенді болуға талпығу	Ұшты-ұшты ойыны
Сәуір айы	“Бақша” ойын- қимылды ойын	Тазалыққа үйрету;	Бау-бақша, гүл отырғызу
Мамыр айы	«Ту» Дидактикалық	Ел тануға білу;	Түстерді ажырату;

	Ойын		
Мамыр айы	«Қала» Рөлдік Ойын	Отан	Қала білу;
Мамыр айы	«Саяхат» Сюжеттік	Таным	Сурет арқылы қайталау;
Маусым айы	“Су ойыны” -қимылды ойын	Сергіту	Су шашу
Маусым айы	“Құммен ойын”- шығармашылық ойын	Құммен терапия	Құмға сурет салу
Маусым айы	“Доп”- қимылды ойын	Лақтыру дағдылары	Доппен ойнау
Шілде айы	Жаттығу ойын қимылды ойын	Жаттығу, дене швнықтыру	Денсаулықты сақтау;
Шілде айы	Дәрігер	Рөлдік	Қайталау;
Шілде айы	Таза бол	Дидактикалық	Суретпен жұмыс
Тамыз айы	Сүйікті ойын рөлдік ойын	Еркін ойын	Дамытуға арналған
Тамыз айы	Қуыршағым менің ойыны	Сөздік қор	Сөйлесу, әңгімелесу
Тамыз айы	Қимылдық ойындар	Еркін ойындар	Қиял -ғажап

Қорытынды

Сабақтың қызықты, тартымды өтуі үшін, дидактикалық ойындарды дұрыс ұйымдастыру керек. Ойынға керекті құралдар әр балаға жеткілікті болу керек, сонда ғана балаларға түсінікті болады. Дидактикалық ойын құралдары ұзақ уақыт сақталуы үшін эстетикалық, гигиеналық талаптарға сай әрі әдемі қораптарда, қалталарда тұруы тиіс.

Дидактикалық ойын балалардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді, баланы ойнай білуге баулып, ақыл-ой қызметін қалыптастырады, әрі адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады. Дидактикалық ойындарды сөйлеуді дамыту оқу қызметінде пайдалану, сонымен қатар күн тәртібінің барлық сәтінде жүзеге асырылу тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Дидактикалық ойындарды қолданудың тиімділігімен баланың дүниестанымын, ой-өрісін, логикалық ойлау қабілетін, тіл байлығын, шығармашылығын дамытумен мақсатқа жетеміз. Дидактикалық ойын – адамгершілікке тәрбиелеудің құралы болып табылады.

Дидактикалық ойынмен ұйымдастырылған оқу қызметі балаларға көңілді әрі қызықты болады. Балабақшадағы тәрбиелеу – оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым – қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Түптеп келгенде, тәрбие құралдарының басқа түрлері сияқты ойынның да білімділік, тәрбиелік мүмкіндіктерін балалардың жас ерекшеліктеріне, сабақ мазмұнына жақсы үйлестіре қолдану мұғалім ізденісіне, шеберлігіне байланысты. Ол үшін мұғалім ойынды пайдалану методикасын да, ойын түрлерін тандап-талғауға да қойылатын талаптарды жете білуге тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *М.С. Қомаева* «Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру бойынша дидактикалық ойындар» .
2. *Қ. Х. Мусағұлова*, «Мектепке дейінгі жаттығулар мен ойындар жүйесі»
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. «Педагогика» Алматы, 2000

Мазмұны

Кіріспе _____	2
Ойындардың маңызы _____	3
Дидактикалық ойын арқылы дамыту _____	4
Ойын түрлері және оның ерекшеліктері _____	5
Ойын түрлері _____	8
Ойынның берер пайдасы _____	28
Жоспар _____	30
Қорытынды _____	33
Әдебиеттер _____	34

Пікір

Әдістемелік жинақ “ЖШС ” “Nursultan 77” балабақшасы

Автор: Абатова С.А

Тақырыбы: Дидактикалық ойын арқылы баланы дамыту.

Мақсаты: Оқушылардың ойынға деген қызығушылығын оята білуге дағдылану. Дидактикалық ойындарды қолдану арқылы баланың ойын, шығармашылығын, есту, көру, шапшаң, ептілік қасиеттерін дамытуға ықпал жасау.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал дидактикалық ойын түрінде жасалған. Ойын әдістерін қолдана өткізген түрлі ойындарға тоқталып баланың шығармашылық жағынан дамуына үлесін тигізген. Ойын да оқу мен еңбек сияқты, баланың іс-әрекеттерінің барлық түрін көрсеткен.

Әдістемелік кешенде ойынның мақсаты мен міндеттері нақты анықталған, балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. Дидактикалық ойындар арқылы балалардың танымдық белсенділігі, логикалық ойлауы, тіл байлығы, шығармашылық қабілеттері дамиды. Сонымен қатар ойындар баланың қызығушылығын арттырып, өз бетінше әрекет етуіне мүмкіндік береді. Кешен құрылымы жүйелі, тапсырмалар бірізділікпен берілген, көрнекі құралдарды қолдану жолдары түсінікті сипатталған. Әдістемелік нұсқаулар тәрбиешілерге ойынды ұйымдастыруда және өткізуде практикалық көмек көрсетеді. Жалпы алғанда, аталған дидактикалық ойынға арналған әдістемелік кешен балабақша тәрбиешілері үшін тиімді, мазмұнды және тәжірибеде қолдануға ұсынылады.

Өзектілігі: Ойынның барысында баланың жеке қасиеттері қалыптасатыны жайлы жазған. Бұл жастағы балалар айналадан көрген түйгенін бағдарлап байқаған, естіген білгенін ойынмен бейнелейтінін байқау қиын емес екеніне көз жеткізген.

Міндеті: Дидактикалық ойындар мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шеше білген. Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнмен анықталады.

Қорытынды:Дидактикалық ойын түрлері өте көп. Соның бірі баланың жан -жақты ақыл-ойын дамытатын ойын түрлері. Қимыл ойындар да бала ағзаларын жетілдіріп, ақыл- ойының дамуына үлкен әсер етеді. Көңіл-күй артып, жүйкелері жақсарады.

Пікір жазушы: Менгеруші
Аты-жөні: Я.Т. Табышева
Қолы:



**«Nursultan 77» балабақшасының әдістемелік кеңес жиналысының
№7 хаттамасы**

Өткізілген күні: 2026 жыл, маусым айы

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, педагогтер -8

Күн тәртібінде:

ЖШС "Nursultan 77" балабақшасының "Ертегі" ересек тобының тәрбиешісі: А.С.Абатова "Дидактикалық ойын арқылы баланы дамыту" тақырыбында әдістемелік жинағын қарастыру жайлы ұсынды.

Тыңдалды

ЖШС "Nursultan 77" балабақшасының "Ертегі" ересек тобының тәрбиешісі А.С.Абатова: "Дидактикалық ойын арқылы баланы дамыту" тақырыбында әдістемелік жинағын көрсетіп, тәрбиеленушілердің ойынға деген қызығушылығын оята білуге дағдылану, дидактикалық ойындарды қолдану арқылы баланың ойын, шығармашылығын, есту, көру, шапшаң, ептілік қасиеттерін дамытуға ықпал жасайтынын айтып өтті.

Сөз сойледі

Балабақша әдіскері Л.Т.Табышева:

«Ертегі» ересек тобының тәрбиешісі Абатова Салтанат «Дидактикалық ойын арқылы баланы дамыту» тақырыбында әдістемелік жинағын дайындап шығарды. Дидактикалық ойындар – балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып, білімді жеңіл әрі қызықты түрде меңгертуге бағытталған тиімді әдіс. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны таниды, өз ойын еркін жеткізуге үйренеді, қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады. Бұл әдістемелік жинақта балабақша жағдайында қолдануға болатын дидактикалық ойындар жүйеленіп, олардың бала дамуына тигізетін әсері көрсетілген.

Шешім:

ЖШС "Nursultan 77" балабақшасының "Ертегі" ересек тобының тәрбиешісі: А.С.Абатованың "Дидактикалық ойын арқылы баланы дамыту" тақырыбында әдістемелік жинағы педагогтер арасында қолданысқа енгізілсін.

Күні: 10.06.2026 жыл

Әдіскер:  Л.Т.Табышева

Хатшы:  А.Г.Тұрсынбай

